

өзіндік жұмысқа ауыстыру, білімалушылардың оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалау.

Қазіргі жағдайда орыс тілін оқытудың жетекші технологиясы ретінде барлық тілдік дағдыларды дамытатын коммуникативті әдіс болып табылады. Ал грамматика сол тілде қарым-қатынас құру процесінде игеріледі. Мақалада қарастырылып отырғаноқыту белсенді әдістері: пікірталас әдісі, құрастыру, тыңдау, рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың ой-өрісін дамытуға және заманауи маманға қажетті дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Деңгейлік оқытуға көшу орыс тілін ана емес тілі ретінде оқытудың жаңа көкжиектерін ашып, білім сапасын арттырады.

РЕЗЮМЕ

Уровневый подход к преподаванию русского языка как неродного позволяет педагогам выстраивать процесс обучения согласно компетенциям, которыми уже владеет конкретный обучающийся. Уровневое обучение иностранным языкам появилось в нашей отечественной методике и практике преподавания сравнительно недавнов связи с новыми тенденциями в преподавании: компетентностный подход к обучению иностранным языкам, перемещение акцента на самостоятельное изучение иностранного языка студентами, введение балльно-рейтинговой системы оценивания учебных достижений обучающихся.

Ведущей технологией обучения русскому языку в современных условиях является коммуникативное обучение, развивающее все языковые навыки. А грамматика осваивается в процессе общения на изучаемом языке. Рассмотрены активные методы обучения: метод обсуждения, проектирование, аудирование, ролевые игры – которые позволяют развивать творческие способности студентов, развивать их мышление и формировать у них умения, необходимые для современного специалиста.

Переход к уровневому обучению открывает новые горизонты в преподавании русского языка как неродного, позволяет повысить качество обучения.

УДК 378
МРНТИ 14.09.35

Муталова Дж. С., аға оқытушы, гуманитарлық ғылым магистрі, **негізгі автор**,
<https://orcid.org/0000-0001-5614-938X>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, mutalova.dzhanargul@mail.ru

Mutalova Dzh. S., Senior lecturer, Master of Humanitarian Sciences, **the main author**,
<https://orcid.org/0000-0001-5614-938X>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, mutalova.dzhanargul@mail.ru

ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ - ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ HISTORY OF ZHANGIR KHAN WEST KAZAKHSTAN AGRARIAN TECHNICAL UNIVERSITY: FORMATION AND CURRENT DEVELOPMENT DIRECTION

Аннотация

Мақалада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдері және қазіргі даму бағыттары қарастырылады.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде машина жасау, мұнай-газ секторы, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығы салаларын дамыту мақсатында аймақтық экономика үшін аграрлық-техникалық мамандарды сапалы даярлауға үлкен мән

беріліп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бірінші кезекте техникалық бейіндегі кадрларды тиісінше даярлау қажеттілігі туралы айтылады. Бұл тұрғыдан қарағанда 60 жылға жақын тарихы бар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ел экономикасына қажетті аграрлық және техникалық бағыттағы мамандарды даярлауда өзіндік орны бар. Осыған орай Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қалыптасуы мен даму тарихын кешенді түрде ғылыми тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Мақалада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылу, қалыптасу және даму тарихы зерттеліп, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтынан аграрлық-техникалық университетке дейінгі қалыптасу кезеңдеріне ғылыми негізде талдау жасалынды.

Зерттеу барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жетістіктері мен қазіргі кезеңдегі даму бағыттары айқындалып, көрсетіледі. Сонымен қатар, бүгінгі таңда БҚАТУ-дың аграрлық-техникалық мамандарды даярлайтын еліміздегі алдыңғы қатарлы және аймақтағы көпсалалы жоғары оқу орындарының бірегейі ретіндегі рөлі көрсетіліп, болашақта одан әрі жетілдіру мәселелері қарастырылып, тұжырымдалады.

ANNOTATION

The article considers the main stages of the formation and modern ways of development of Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University. Within the framework of the State Program of Forced Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2010-2014, a significant value was allocated to the qualitative training of agricultural and technical personnel for the development of the regional agricultural and gas sector. In addition, the State Program of Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 states that it is necessary first of all to ensure the necessary training of technical personnel. In connection with this, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University, which has almost 60-year history, occupies a special place in the training of agricultural and technical specialists, economists. Accordingly, there is a need for a comprehensive scientific study of the history of the formation and development of Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University.

The article analyzes the stages of the establishment of the educational institution from the West Kazakhstan Agricultural Institute to the Agrarian Technical University.

The study revealed and reflected the main achievements of Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University and relevant areas of development of the future university. In addition, the role of WKATU is currently emphasized as one of the leading multidisciplinary universities in the country and the region, which trains specialists in the agro-technical profile and ways to further improve the university.

Кілтмі сөздер: ауыл шаруашылығы, институт, ветеринарлық медицина, агротехнология, университет, аграрлық-техникалық, машина жасау.

Key words: agriculture, institute, veterinary medicine, agrotechnology, university, agrarian and technical, mechanical engineering.

Кіріспе. Тәуелсіздіктің арқасында әлемдік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын ала білген Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін үлкен жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Қазақстанның саяси жүйесін, экономикасын, әлеуметтік саласын, құқықтық қатынастарын кешенді түрде жан-жақты модернизациялау шаралары жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда ұлттық рухты бойына сіңірген, озық білім мен ғылымның қыр-сырын меңгерген, еркін ойлай алатын, өз мақсат-мұраттарына мүлтіксіз жете білетін жас ұрпақтың қатары пайда болды. Олардың болашақта ел тізгінін қолға алып, аға буынның атқарған істерін одан әрі жалғастырып, тәуелсіздігіміздің баянды болуын қамтамасыз ететіндіктері анық. Сол себепті де жастардың сапалы білім алуына барлық жағдайлар жасалған және білім беру саласы мемлекеттің үнемі назарында болып отырады.

Осыған орай өңірлік индустриалды-инновациялық және кешенді азық-түлік

бағдарламалары шеңберінде машина жасау, мұнай-газ секторы, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосатын аграрлық-техникалық мамандарды сапалы даярлауда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің алатын орны ерекше.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылу, қалыптасу және даму тарихын кешенді түрде зерттеу, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтынан аграрлық-техникалық университетке дейінгі қалыптасу кезеңдеріне ғылыми негізде талдау жасау болып табылады. Бұл мәселелерді шешу барысында ғылыми зерттеу жұмысының алдына төмендегідей міндеттер қойылды:

- Ауылшаруашылық институтының құрылу тарихына, бастапқы кезеңдегі ұжымның қызметіне және оқу-материалдық базасының жасақталуына талдау жасау;

- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың еліміздің ауыл шаруашылығы және экономиканың өндіріс саласына қажетті мамандарды даярлаудағы қызметін сараптау;

- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың Батыс Қазақстан өңіріндегі ауыл шаруашылығы және техникалық білім мен ғылымының ірі орталығына айналу кезеңдерін ғылыми негізде зерделеу;

- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың қазіргі кезеңдегі даму бағыттарын және жетістіктерін айқындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланы жазу барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылу, қалыптасу және даму тарихына арналған еңбектердегі теориялық тұжырымдамалар басшылыққа алынды. Негізгі дерек көзі ретінде Батыс Қазақстан облыстық мұрағат қорларында жинақталған құжаттар, мерзімдік баспасөз материалдары мен ғылыми басылымдар, құжаттар жинақтары пайдаланылды. Сонымен қатар университеттің құрылуы, қалыптасуы және дамуы тарихын айқындайтын бірқатар әдебиеттер мен мақалалардың тізбегі бар. Бұл ретте Қазақстанның ауылшаруашылығының, өнеркәсібінің даму тарихына, университеттің мерейтойларына байланысты жарық көрген әдебиеттерді, оқытушы-профессорлар қауымының оқу орнының кадрлар даярлау мәселесіне, ғылыми әлеуетіне, оқу-әдістемелік жұмыстарына, ұйымдастырушылық-тәрбиелік шараларына қатысты ғылыми мақалаларын басшылыққа алынды.

Н.В.Шрамко, С.Ш.Жұбаев, К.Г.Ахметов, Б.А.Лившицтің институттың 25 жылдық мерейтойына арналған «Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт» атты еңбегінде оқу орнының қалыптасу және даму тарихы қарастырылған. Онда институттың жоғары санатты ғылыми-педагогикалық кадрларының мүмкіндіктерінің мол екендігі, 35 кафедрасында 286 оқытушы жұмыс істеп, оның 133-інің ғылыми дәрежесі мен атақтарының бар екендігі айтылған. Факультеттердің қызметтері мен даму ерекшеліктеріне талдау жасалған [1, с.50].

«Западно-Казахстанский аграрно-технический университет: история становления и развития» атты еңбекте оқу орнының 40 жылда атқарған қызметі мен даму тарихы баяндалады. Бұл еңбекте факультеттер мен кафедралардың құрылу тарихы мен қызметтері, ғылыми кітапхананың ролі мен университеттің бүгінгі жағдайы жүйелі түрде қарастырылған. Сондай-ақ Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтынан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қалыптасу және даму жолында ықпал еткен тұлғалар – ректорлар, проректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері мен оқытушы-ғалымдардың қызметтеріне үлкен баға берілген.

«Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана: история и современность (1963-2008 гг.)» атты еңбекте 1963-2000 жылдар аралығындағы ауылшаруашылық институтынан аграрлық университетке дейінгі қалыптасу тарихы, 2000-2002 жылдардағы көпсалалы университет құрамындағы және оқу орнының 2003-2008 жылдар кезеңіндегі қазіргі тарихы кең көлемде қамтылған. Университеттің материалдық базасының жетілдірілуі, факультеттердің құрылу тарихы мен қызметтері, профессор-оқытушылық құрамның ғылыми жетістіктері және оқу-әдістемелік өзгерістер жөнінде мәліметтер келтірілді.

Қ.Қ. Бозымовтың «Жиырма жылдағы даңғыл жол» атты еңбегінде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәуелсіздік жылдарындағы қалыптасу және даму жолы, бүгінгі тыныс-тіршілігі баяндалады. Елдегі жоғары білім берудің заңнамалық

және нормативтік-құқықтық базасының қалыптасуы, жоғары кәсіби білім жүйесінің стратегиялық дамуы, жаңартылған мазмұндағы және құрылымдағы білім беруге көшу, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді модернизациялау кезеңдеріндегі университеттің даму тарихы жан-жақты сараланған [2, 134-бет].

Тарихшы-ғалым Б.Қ.Бірімжаровтың «Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда» атты еңбегінде соғыстан кейінгі кезеңдегі, 1960-1980 жылдардағы және тәуелсіздік жағдайындағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының даму ерекшеліктері ғылыми негізде зерделенген. Автор республикадағы, соның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы ауылшаруашылық кадрларын даярлау мәселесіне де назар аударған және өңіріміздегі бірден-бір оқу орны ретінде ауылшаруашылығы институтының ауылшаруашылық кадрларын даярлаудағы қызметі мен роліне ғылыми баға берген.

Зерттеу жұмысының методологиялық негізі объективтік, тарихилық, жүйелік, салыстырмалық және талдау мен жинақтау сияқты ғылыми таным принциптеріне сүйеніп құрылған.

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың 50-60-ыншы жылдарында тың және тыңайған жерлер игерілгеннен кейін елімізде ауыл шаруашылығы өндірісі қарқындап дами бастады. Осы кезеңде республикамыздың батысында жатқан бес облысында ауыл шаруашылық өндірісін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі туындады.

Батыс Қазақстан облыстарында шаруашылықты қазіргі заман талабына сай басқаратын басшы кадрлар мен мамандар жетіспеді. Ауыл шаруашылығына қажетті жоғары білімді мамандар даярлау мен саланы әрі қарай ғылыми тұрғыдан дамыту міндеті кезек күттірмес өзекті мәселеге айналды. Осымен байланысты еліміздің басшылығымен Орал қаласында салалық ауыл шаруашылық институтын ашу жөнінде шешім қабылданды.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1963 жылдың 19 шілдесіндегі №571 қаулысымен және Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігінің 1963 жылдың 9 тамызындағы №304-К бұйрығымен Орал қаласында Ауылшаруашылық институты ашылды. Институт ректоры болып Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, ВАСХНИЛ-дің корреспондент мүшесі, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы және «Қызыл Жұлдыз» ордендерінің кавалері Дзержинский Александр Яковлевич сайланды [3, с.13].

Әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректор болып Кульпин Павел Иванович тағайындалды. Мемлекеттік есептеу органдарына институт қызметі туралы есеп ұсыну үшін Қазақ ССР АШМ-нің (министр А.Елеманов) 10.08.1963 ж. №305-к бұйрығымен 1963 жылы 10 тамызда бухгалтерия құрылып, барлық қаржы құжаттарына екінші қол қою құқығымен жаңа жоғары оқу орнының бас бухгалтері болып Тен Сенчер Киронович (1963-1978) тағайындалды. Ол кадрларды іріктеу және есеп бөлімін ұйымдастыру жұмысына басшылық жасады.

Институттың қалыптасып, дамуында алғашқы ректор А.Дзержинскийдің қомақты үлесін айтып кетуге болады. Институт ұжымымен бірлесе отырып, оқу және қосалқы ғимараттарды даярлау, талапкерлерді қабылдау, кафедраларды ұйымдастыру, оқытушылар, әкімшілік, оқу және қосалқы қызмет көрсететін құрамды таңдау бойынша ұйымдастыру және әкімшілік жұмыстарын жүзеге асырды [4, с.16].

Алғашқы рет 1963-1964 оқу жылына 1 курс студенттерін оқуға қабылдау жұмыстары басталып кетті. Институтқа қабылдау емтихандары 5-12 қыркүйек аралығында өтті.

Қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне – 102, ветеринария факультетіне – 100, агроэкономикалық факультетіне – 100 студент қабылданды [5, 15 п.].

1963 жылдың қыркүйек айының басында 11 кафедра ашылып, онда 30 оқытушы жұмыс жасады [6, 24 п.].

1964 жылы өндірістен қол үзбей оқитын студенттерді оқытуға арналған сырттай бөлім құрылды. Сырттай бөлімге барлығы 380 студент қабылданды болатын. Ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығына - 157, экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру мамандығына - 130, ветеринария мамандығына – 93 студент қабылданды [7, 7 п.].

1964 жылдың мамыр айында В.К.Иконников КСРО Ауылшаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының ректоры болып тағайындалды. Жаңадан құрылған университеттің іргесінің бекіп, материалдық-

базасының нығайып, қалыптасып кетуі жолында білім ордасына басшылық жасаған екінші ректор Валентин Константинович Иконниковтың еңбегі зор. Институттың қалыптасу, өсу барысында ол оқытушы-профессорлар құрамын жетілдіре отырып, оқу корпустары, студенттік жатақханалар құрылысын қолға алды. Сонымен бірге агрономия саласында көптеген дәрістер оқып, облыс және қала ауқымында қоғамдық қызметті тиімді жүргізіп отырды [8, 2-бет].

1965 жылы қазан айында 4 факультет және 21 кафедра ашылып, институттың профессор-оқытушылар құрамын толықтыру жұмыстары одан әрі жалғасып жатты.

Жыл сайын студенттердің саны 300-ге, сырттай бөлім студенттері 350 адамға, ал оқытушылар штаты 30-35 бірлікке ұлғайып отырды. 1968 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметке сәйкес, институттың күндізгі бөлімінде 1378 студент, сырттай оқу бөлімінде 1633 студент оқыды, 147 оқытушы жұмыс істеді. 125 оқу пәні бойынша сабақ жүргізілді. 1968 жылы мамандардың алғашқы түлектер легі шығарылып, өңірдің ауылшаруашылық саласы жоғары білімді 226 жас кадрмен толықты [9, с.3].

60 жылдардағы жаңа аграрлық саясат кешенді механикаландыру мен электрлендіруді енгізу, жерді пайдаланудың тиімділігіне жетісу, жан-жақты химиялық әдістерді қолдану, суландыруды кеңейту, кооперативтік меншікті жетілдіру және қоғамдастыру, шаруашылықаралық және агроөнеркәсіптік интеграция негізінде ауылшаруашылық өндірісін мамандандыру мен шоғырландыру арқылы тұтас ел экономикасын тұрақты да ырғақты дамытуға бағыт ұстады [10, 105 бет].

Институтта еліміздің АӨК үшін жоғары білікті мамандар даярлаумен қатар, өндіріспен ықпалдастыру негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға да үлкен мән берілді [11, с.16]. 1967 жылдың мамырында профессор-оқытушылар құрамының алғашқы конференциясы өткізілді.

Жылдар өте келе институт жоғары ауыл шаруашылық білімі мен ғылымының ірі орталығына айналды. 1967-1986 жылдардағы типті оқу кешенінің құрылысы, ғылыми-зерттеу секторын құру, әскери кафедра, біліктілікті жетілдіру факультеті, ветеринарлық факультет ашу, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік база қалыптастыру – бұл жоғары оқу орнын қалыптастыру тарихындағы оқу орнының алғашқы жетекшілерінің, қызметкерлері мен оқытушыларының қомақты, баға жетпес үлесі.

1975-1986 жылдар аралығында институтты профессор, Қазақстанның аграрлық білімі мен ғылымының ірі ұйымдастырушысы – Борис Петрович Шах басқарды. Нақ осы жылдары институт болашағы бар жас оқытушылармен жедел толықты, жоғары оқу орнының материалдық базасын жақсарту, оқытушылардың тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешудің көптеген мәселелері лайықты шешімін тапты. Ол жұмыс істеген 10 жыл ішінде институтта типті жобадағы студенттер кешенінің құрылысы аяқталды, екі оқу ғимараты, кітапхана ғимараты, спорт зал, асхана, екі тұрғын үй, балалар бақшасы, ветеринарлық клиника пайдалануға берілді.

1986 жылдың тамызынан институт ректоры болып Шрамко Николай Васильевич сайланды. Ол жоғары оқу орнының өндіріспен байланысын нығайтты, шаруашылық шартпен істелетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін ұлғайтты, қызметкерлер үшін жаңа жатақхана мен тұрғын үйлер құрылысын салу жұмысын жалғастырды. 35 кафедрада 300-ден астам оқытушы жұмыс істеді, олардың 133-нің ғылыми дәрежелері мен атақтары болды.

1989 жылы институт тарихында алғаш рет ректор болып Сергей Шугаевич Жұбаев сайланды және Сергей Шугаевич жоғары оқу орнының тарихы мен оның одан кейінгі даму жолына айрықша із қалдырды.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен кадрлық және материалдық базасының деңгейі ескеріліп, ҚР Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 7 мамырдағы №573 қаулысымен институт Батыс Қазақстан аграрлық университеті болып қайта құрылды [12, 10 бет].

2000 жылдың 14 ақпанында ҚР Үкіметінің №236 қаулысымен Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрамына кірді. 2002 жылдың 5 қарашасындағы ҚР Үкіметінің №1172 қаулысымен БҚМУ-дың құрамынан бөлініп шығып, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті болып аталды (БҚАТУ). 2003 жылы мамыр айында ҚР Үкіметінің №497 қаулысымен университетке белгілі мемлекет қайраткері, ағартушы және реформатор

Жәңгір ханның есімі берілді [13, 111 бет.].

Университет ұжымы өзінің даму кезеңдеріндегі өзгерістерге қарамастан кадр дайындау мен материалдық-техникалық базасын дамыту үрдісін сақтап қалуға қол жеткізді. Бұл жетістіктерге өлшеусіз үлес қосқан ректорлар: Александр Яковлевич Дзержинский, Валентин Константинович Иконников, Борис Петрович Шах, Николай Васильевич Шрамко, Сергей Шұғайұлы Жұбаев, Қазыбай Қараұлы Бозымовтың еңбектері зор. Олар оқу орнының материалдық-техникалық базасын құруға және дамытуға аянбай еңбек етті.

Бүгінгі таңда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – еліміздегі ірі білім және ғылым орталықтарының бірі, өңірдегі жалғыз көпбейінді білім және ғылым орталығы. Оның мақсаты Батыс Қазақстан инновациялық экономикасының қажеттіліктерін жаңа толқындағы кадрлық және ғылыми ресурстармен қамтамасыз ете отырып, оның тұрақты дамуының қозғаушы күші ретіндегі өз миссиясын мінсіз атқару болып табылады [14, 4-б.].

Университеттің материалдық-техникалық базасы аймақтағы жоғары оқу орындарының ішіндегі алдыңғы қатарғылардың бірі. Талапқа сай инфрақұрылымы дамыған «студенттік кампус» салынған.

Ғылыммен және өндіріспен тығыз байланыс орнатпай жоғары технологиялы өндіріс үшін білікті мамандарды даярлау мүмкін емес. Ғылыми зерттеу жұмыстары аграрлық өндіріс технологиялары, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктерінің селекциясы және биотехнологиялары, қоршаған орта объектілерінің экологиялық мониторингі, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін жетілдіру бойынша республикалық ғылыми техникалық саясат шеңберінде жүргізіледі. Университет ғалымдары бірқатар ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізді: қазақ ақбас тұқымының аңқаты ірілендірілген және шағатайлық тұқымішілік типтерін жасады; кроссбред қойларының ақжайық тұқымы мен жылқының көшім тұқымының ішкітұқымдық түрлерін жетілдіріп, егіс өнімділігін арттырды. Ғылыми зерттеу нәтижелері шетелдік ғылыми басылымдарда шығарылды. Солардың қатарында университет ғалымдарының ғылыми зерттеу жұмысы нәтижелері баяндалатын Е.Г.Насамбаев, А.Б.Ахметалиева, А.Е.Нұрманованың «Reproductive Indicators of Stud Bulls and Bull Calves of the Kazakh White Breed of Various Genotypes» ғылыми мақаласын атап кетуге болады [15, p.85].

Сонымен қатар, Е.Г.Насамбаев, А.Б.Ахметалиева, А.Е.Нұрманова және т.б. «Assessment of the breeding qualities of Kazakh white-headed calves using the method of testing own productivity» мақаласында Батыс Қазақстан облысының жетекші шаруашылықтарында қазақтың ақбас бұзауларының өзіндік өнімділігін сынау кезіндегі ет өнімділігінің негізгі көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері берілген [16, p.476].

Егіс өнімділігін арттыру мақсатында университет ғалымдары бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Егін алқабында автоматты жүйемен жабдықталған қазіргі заманғы технологияларды қолдану тәсілдері зерттеліп, қолданылды [17, p.3200].

Арпаның өнімділігін арттыру және сақтау мерзімін ұзарту мақсатында жаңа технологиялар қолданылып, зерттеулер жүргізілді [18, p.239].

Мал азығын дайындау барысында судандық шөпті өсіру технологиясын жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізілді [19, p.767].

Олардың ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде қазақтың ақбас сиыры, көшім жылқысы, батысқазақстандық етті-жүнді қой тұқымдары асылдандырылып, егіс өнімдерін арттыру мақсатында топырақты өңдеу әдістері жетілдіріліп отыр.

Құрылыс материалдарын дайындауда қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, университет ғалымдары елеулі жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Керамикалық толтырғышты өндіруге арналған және жылу оқшаулайтын құрылымдық қабырға керамикасын өндіруге арналған ғылыми және тәжірибелік зерттеулер жүргізілді. Осылайша, әзірленген композиттер негізінде керамикалық толтырғыш және оқшаулағыш құрылымдық керамика түріндегі тиімді және сұранысқа ие болатын материалдарды алу мүмкіндігі табылды [20, p. 1057].

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті QS World University Rankings халықаралық рейтингтік агенттігінің есебінше, Шығыс Еуропа мен Орта Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындарының 351 - 400 тобына кіреді. Ал білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз қазақстандық агенттіктің (IQAA) есебінде университет бүкілқазақстандық ЖОО-лар арасында 8-орынға шыққан. Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігінің (НААР) 2020 жылғы «ТОП-20» тізімінде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 11 орынды

иеленді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, бүгінгі таңда университеттің алдында оқу орнының жуық арада бәсекеге қабілеттілігін одан әрі қамтамасыз ету және білім беру қызметтері сапасын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру бағытында аса жауапты міндеттер тұр. Университет интенсивті дамып отырған аймақтық инновациялық ғылыми-білім беру кешеніне еркін еніп, еліміздің жоғарғы аграрлық-техникалық білім беру жүйесінде көшбасшылық ұстанымдарына ие болуы тиіс.

Заман талабымен үндесіп, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан іргелі оқу орнының бұл міндетті болашақта да абыроймен атқара береріне сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шрамко, Н.В. Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт /Н.В.Шрамко, С.Ш. Жұбаев, К.Г.Ахметов, Б.А.Лившиц. – А.: Изд-во «Кайнар», 1988. – 50 с.
- 2 Бозымов, Қ.Қ. Жиырма жылдағы даңғыл жол. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәуелсіздік жылдарындағы дамуы/Қ.Қ.Бозымов. – Орал: 2011. – 134 б.
- 3 Бозымов, К.К. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет: история становления и развития / К.К. Бозымов, Б.Б. Траисов, К.Г. Ахметов. – Уральск: 2003. – 160 с.
- 4 Бозымов, К. К. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана: история и современность (1963-2008 гг) / К.К. Бозымов, Г.К. Молдашев, А.С.Байарыстанова. – Туркестан: Изд-во «Туран» МКТУ им. А.Ясауи, 2008. – 244 с.
- 5 БҚ ОММ. 2112-қор, 1-тізбе, 7-іс.
- 6 БҚ ОММ. 2112-қор, 1-тізбе, 20-іс.
- 7 БҚ ОММ. 2112-қор, 1-тізім, 50-іс.
- 8 Ахметова, А. Зор үлес қосты / А. Ахметова // Заңғар. – 2013. – 15 ақпан.
- 9 Иконников, В.К. Растить высококвалифицированные, идейно убежденные кадры. (С партийного отчетно-выборного собрания института)/В.К.Иконников//За сельскохозяйственные кадры. – 1968. - 1 ноября.
- 10 Бірімжаров, Б.Қ. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда /Б.Қ.Бірімжаров. – Орал: 2006. – 244 б.
- 11 Иконников, В.К. Сельскому хозяйству - высококвалифицированных специалистов /В.К.Иконников // За сельскохозяйственные кадры. – 1967. – № 10. - 26 май.
- 12 Бозымов, Қ.Қ. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 50 жыл: жылдар, тұлғалар, жетістіктер (1963-2013) / Қ.Қ.Бозымов, У.Б.Таубаев, Н.Х.Серғалиев. – Орал: 2013. – 346 б.
- 13 Муталова, Д.С. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қалыптасуы және дамуы тарихы / Д.С.Муталова, Ұ.Г.Зинаденов // «Жастар ғылымы – болашаққа көзқарас» Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Орал: 2021. - 107-111 б.
- 14 Бозымов, Қ.Қ. Жарты ғасырлық тарихы бар оқу ордасы/Қ.Қ.Бозымов// Ғылым және білім. - 2013. - № 3 (32). – 3-6 б. - ISSN 2305-9397
- 15 Nassambaev, E. Reproductive Indicators of Stud Bulls and Bull Calves of the Kazakh White Breed of Various Genotypes / E. Nassambaev, A. B. Akhmetaliyeva, A.E.Nugmanova, R.M.Kulbaev // Advances in Animal and Veterinary Sciences. – 2019. Special Is. 1. Vol. 7. – P.85-87. - ISSN 2309-3331
- 16 Nasambaev, E. Assessment of the breeding qualities of Kazakh white-headed calves using the method of testing own productivity / E. Nasambaev, A. B. Akhmetaliyeva, A. E. Nugmanova, L.S.Bertileu, A. O. Doszhanova // Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. - 2020. - Vol. 12 . Iss. 7. – P. 476-481. - ISSN 1943-023X
- 17 Abuova, A. B. Sustainable development of crop production with elements of precision agriculture in Northern Kazakhstan / A. B. Abuova, S. A. Tulkubayeva, Y. V. Tulayev, S. V. Somova, M. Zh. Kizatova // Entrepreneurship and Sustainability Issues. – 2020. – № 4. Vol. 7. – P. 3200-3214. - ISSN 2345-0282

18 Iztayev, A. Experimental studies of the baisheshek barley grain processed by the Ion-ozone mixture / A. Iztayev, T. Baibatyr, T. Mukasheva, B. Muldabekova, M. Yakiyayeva // Periodico Tch Quimica. – 2020. - Vol. 17. Is. 35. – P. 239-258. - ISSN 1806-0374

19 Nasiyev, B. The use of Sudan grass for the production of green fodder, hay and haylage in Western Kazakhstan / B. Nasiyev, N. Zhanatalapov, A. Yessenguzhina, R. Yeleshev // Ecology, Environment and Conservation. – 2019. Is. 2. Vol. 25. – P. 767-774. - ISSN 0971-765X

20 Montaev, S. A. Study of raw materials with the aim of obtaining ceramic filler and heat-insulating and structural wall ceramics / S. A. Montaev, N. B. Adilova, N. S. Montaeva, K. Zh. Dosov, A. A. Taudaeva // International Journal of Mechanical and Production Engineering Research and Development. – 2019. Is. 5. Vol. 9. – P. 1057-1064. - ISSN 2249-6890

REFERENCES

1 Shramko, N.V. Zapadno-Kazhastanskii sel'skohozyaistvennyi institut/N.V Shramko, S.Sh..Zhubev, K. G. Ahmetov, B. A. Livshic. – A.: Izd-vo «Kainar», 1988. – 50 s.

2 Bozymov, K.K. Zhiyrma zhyldagy dangyl zhol. Zhangir han atyndagy Batys Kazakstan agrarlyk-tekhnikalyk universitetinin tauelsizdik zhyldaryndagy damuy /K.K.Bozymov. –Oral: 2011.–134 b.

3 Bozymov, K.K. Zapadno-Kazhastanskii agrarno-tekhnikeskii universitet: istoriya stanovleniya i razvitiya / K. K. Bozymov, B. B. Traisov, K. G. Ahmetov. – Ural'sk: 2003. – 160 s.

4 Bozymov, K.K. Zapadno-Kazhastanskii agrarno-tekhnikeskii universitet imeni Zhangir hana: istoriya i sovremennost' (1963-2008 gg) / K.K. Bozymov, G.K. Moldashev, A.S. Baiarystanova. – Turkestan: Izd-vo «Turan» MKTU im. A.Yasaui, 2008. – 244 s.

5 BK OMM. 2112-kor, 1-tizbe, 7-is.

6 BK OMM. 2112-kor, 1-tizbe, 20-is.

7 BK OMM. 2112-kor, 1-tizim, 50-is.

8 Ahmetova, A. Zor ules kosty / A. Ahmetova // Zangar. – 2013. – 15 akpan.

9 Ikonnikov, V.K. Rastit' vysokokvalificirovannye, ideino ubezhdennye kadry. (S partiinogo otchetno-vybornogo sobraniya instituta) / V.K. Ikonnikov // Za sel'skohozyaistvennye kadry. – 1968. - 1 noyabr'.

10 Birimzharov, B.K. Batys Kazakstan auyl sharuashylygy 1946-2000 zhyldarda / B.K.Birimzharov. – Oral: 2006. – 244 b.

11 Ikonnikov, V.K. Sel'skomu hozyaistvu – vysokokvalificirovannyh specialistov / V.K.Ikonnikov // Za sel'skohozyaistvennye kadry. – 1967. – № 10. – 26 mai.

12 Bozymov, K.K. Zhangir han atyndagy Batys Kazakstan agrarlyk-tekhnikalyk universitetine 50 zhyl: zhyldar, tulgalar, zhetistikter (1963-2013) / K. K. Bozymov, U. B. Taubaev, N. H. Sergaliev. – Oral: 2013. - 346 b.

13 Mutalova, D.S. Zhangir han atyndagy Batys Kazakstan agrarlyk-tekhnikalyk universitetinin kalyptasuy zhane damuy tarihy / D.S.Mutalova, Y.G.Zinadenov // «Zhastar gylmy - bolashakka kozkaras» Kazakstan Respublikasy tauelsizdiginin 30 zhyldygyna arnalgan halykaralyk gylmy-praktikalyk konferencyasynyn materialdary. – Oral: 2021. – 107-111 b.

14 Bozymov, K.K. Zharty gasyrlyk tarihy bar oku ordasy / K.K.Bozymov // Gylmy zhane bilim. – 2013. – № 3 (32). - 3-6 b. - ISSN 2305-9397

15 Nassambaev, E. Reproductive Indicators of Stud Bulls and Bull Calves of the Kazakh White Breed of Various Genotypes / E. Nassambaev, A. B. Akhmetalieva, A.E.Nugmanova, R.M. Kulbaev // Advances in Animal and Veterinary Sciences. - 2019. Special Is. 1. Vol. 7. – P. 85-87. - ISSN 2309-3331

16 Nasambaev, E. Assessment of the breeding qualities of Kazakh white-headed calves using the method of testing own productivity / E. Nasambaev, A. B. Akhmetalieva, A. E. Nugmanova, L.S.Bertileu, A. O. Doszhanova // Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. - 2020. - Vol. 12 . Iss. 7. - P. 476-481. - ISSN 1943-023X

17 Abuova, A. B. Sustainable development of crop production with elements of precision agriculture in Northern Kazakhstan / A. B. Abuova, S. A. Tulkubayeva, Y. V. Tulayev, S. V. Somova, M. Zh. Kizatova // Entrepreneurship and Sustainability Issues. – 2020. – № 4. Vol. 7. – P. 3200-3214. - ISSN 2345-0282

18 Iztayev, A. Experimental studies of the baisheshek barley grain processed by the Ion-ozone mixture / A. Iztayev, T. Baibatyr, T. Mukasheva, B. Muldabekova, M. Yakiyayeva // Periodico Tch Quimica. – 2020. – Vol. 17. Is. 35. – P. 239-258. - ISSN 1806-0374

19 Nasiyev, B. The use of Sudan grass for the production of green fodder, hay and haylage in Western Kazakhstan / B. Nasiyev, N. Zhanatalapov, A. Yessenguzhina, R. Yeleshev // Ecology, Environment and Conservation. – 2019. Is. 2. Vol. 25. – P. 767-774. - ISSN 0971-765X

20 Montaev, S. A. Study of raw materials with the aim of obtaining ceramic filler and heat-insulating and structural wall ceramics / S. A. Montaev, N. B. Adilova, N. S. Montaeva, K. Zh. Dosov, A. A. Taudaeva // International Journal of Mechanical and Production Engineering Research and Development. – 2019. Is. 5. Vol. 9. – P. 1057-1064. - ISSN 2249-6890

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены основные этапы становления и современные пути развития Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана. В рамках Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010-2014 годы большое значение было уделено качественной подготовке сельскохозяйственных и технических кадров для региональной экономики в целях развития машиностроительного, нефтегазового сектора, производства продуктов питания и сельского хозяйства. Кроме того, в Государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2020-2025 годы указывается прежде всего на необходимости надлежащей подготовки технических кадров. В связи с этим Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, имеющий почти 60-летнюю историю, занимает особое место в подготовке сельскохозяйственных и технических специалистов, необходимых для экономики страны. Соответственно возникает необходимость комплексного научного изучения истории становления и развития Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

В статье проанализированы этапы становления учебного заведения от Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института до аграрно-технического университета.

В исследовании выявлены и отражены основные достижения Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана и актуальные направления развития будущего университета. Кроме того, подчеркнута роль ЗКАТУ в настоящее время как одного из ведущих многопрофильных вузов страны и региона, готовящего специалистов аграрно-технического профиля и пути дальнейшего совершенствования вуза.

УДК 327:502/504
МРНТИ 03.01.17

Саркулова Г. С., магистр истории, **основной автор**, <http://orcid.org/0000-0003-2042-0902>
НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»,
г.Уральск, ул.Жангир хана, 51, 090009, Казахстан, galiyasarkulova@mail.ru

Sarkulova G. S., Master of History, **the main author**, <http://orcid.org/0000-0003-2042-0902>
NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk,
st. Zhangirkhan 51, 090009, Kazakhstan, galiyasarkulova@mail.ru

КАСПИЙСКИЙ РЕГИОН И ВКЛАД КАЗАХСТАНА В СОХРАНЕНИЕ ЭКОСИСТЕМЫ КАСПИЯ THE CASPIAN REGION AND KAZAKHSTAN'S CONTRIBUTION TO THE PRESERVATION OF THE CASPIAN ECOSYSTEM

Аннотация

В 2018 году было четко и ясно определено правовое положение и статус Каспийского моря, Главы прикаспийских государств Российской Федерации, Республики Казахстан,